



БҰЙРЫҚ

20 21 жылғы «1» Жарамса
Ақтөбе қаласы

ПРИКАЗ

№ 535
город Ақтөбе

Банкроттық басқарушыны шеттету және тағайындау туралы

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 12 бабының 7 тармағы 2 тармақшасына, 93-бабының 4 тармағына сәйкес және "СГ Аралтрэйд" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (БСН 100240022553) 2021 жылғы 25 қазандағы кредиторлар жиналысының хаттамалық шешімі негізінде, БҰЙЫРАМЫН:

1. "СГ Аралтрэйд" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің банкроттық басқарушысы Арман Маратович Закиров банкроттық басқарушы өкілеттіктен шеттетілсін.

2. "СГ Аралтрэйд" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің банкроттық басқарушысы болып Смаил Махатович Кайканов тағайындалсын.

3. Арман Маратович Закиров жаңадан тағайындалған банкроттық басқарушыға үш жұмыс күн ішінде құрылтай құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, мүлікке құқық белгілейтін құжаттарды, мөрлерді (олар болған кезде), мөртабандарды, материалдық және өзге де құндылықтарды тапсырсын.

4. Смаил Махатович Кайкановқа Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасы талаптарына сәйкес банкроттық басқарушы міндеттерін атқару жүктелсін.

5. Банкроттық басқарушы Смаил Махатович Кайканов Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасы талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

6. «Банкроттық басқарушы тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ақтөбе облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің 2021 жылғы 12 қаңтардағы №13 бұйрығының күші жойылсын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Департамент басшының орынбасары Асылбек Толыбаевич Калменовқа жүктелсін.

Басшы

Жаканов А.Ж.